

**№2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасының қамқоршылық кеңес мүшелері
отырысының №1 хаттамасынан көшірме**

26.12.2024 жыл

Алға қаласы

Өткізілетін орны: №2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасы

Қатысушылар: Балабақша меңгерушісі, қамқоршылық кеңес отырысының мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту
2. Кеңес мүшелерінің міндеттерімен бөлісу;
3. Балабақшадағы 2024 жыл бойынша жасалған жұмыстарға есеп беру;

ТЫНДАЛДЫ:

Ең алдымен қамқоршылық кеңесінің төрағасы Альмуратова Орынгул Есенғалиқызы кеңес құрамындағы мүшелерді атап өтті. Олар, Қамқоршылық кеңес мүшелері: Абдугали Жадыра Ержановна; Бекешова Диана Сулейменовна; Алданаова Айнамкөз; Избасарова Рано Булатовна; Кеңес хатшысы: Р.Айсина;

Жоғарыда аталған қамқоршылық кеңесінің мүшелері біріге отырып, ақылдаса келе 2025 жылға жоспар құрылып талқыланып, өз ойларын ортаға салды. Жоспарды бекітуді балабақша меңгерушісі Бердібаева Балзия Бисенбайқызына ұсынып отырмыз. Жоспарда көптеген маңызды мәселелер қойылды. Мәселен, кеңес мүшелерінің міндеттерімен бөлісу; МДҰ-ның материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері. (топтардың дамытушы ортасын толықтыру); МДҰ аймағын абаттандыру жұмысын жоспарлау. Оқу жылының қорытындысы; Келесі оқу жылына МДҰ ғимаратын дайындау; Жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары: балабақша ай аймағында спорттық алаңын жабдықтау, барлық топтардың ойын алаңдарын жабдықтау; Балабақша тәрбиеленушілерінің өмір қауіпсіздігін сақтау; Тәрбиеленушілерге берілетін тағам сапасына мониторинг жүргізу; Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысының талдау есебі; Жоспардан тыс, балабақшаның мақсат, міндеттерін жүзеге асыруға көмектесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында әр түрлі тақырыпта отырыстар өткізіледі.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің хатшысы Айсина Райгул Сансызбаевна кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу туралы сөз алды. Тәрбиеленушілерге берілетін тамақтың сапасына бақылау жүргізу жұмыстарына балабақша медбикесі А.Мырзагуловамен бірлесе отырып, кеңес мүшелері А.Алданаова мен Д.Бекешова жауапты болып бекітілді. Балабақшаға ата-аналар тарапынан демеушілік көрсетушілер мен еріктілерге тапсырма беріп, материалдық базаны нығайтуға үлес қосушылар Ж.Абдугали мен Р.Избасароваға міндеттелді. Жалпы мәселелерді бірлесе отырып, кеңес отырысын 1 жылда 4 рет жоспарлап өткізетіндері айтылды.